

2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 21 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 наурызда № 4297 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 2 ақпандағы № 13 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 02.02.2017 № 13 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 28 "2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3862 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Шыңғырлау ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) және мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімі басшысы (А. Нурушев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Айтмұхамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Ай сайын 1 тәрбиеленушіге мемлекеттік білім беру тапсырысы (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар ата-ананың 1 айдағы ақы төлеу мөлшері (теңге)
Бөбекжай (жергілікті бюджет)						
1.	Лубен ауылы	Шыңғырлау ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Арай" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	42	28171	28171	5500
Балабақша (жергілікті бюджет)						
2.	Шыңғырлау ауылы	Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауданының білім беру бөлімінің "Айгөлек" бала бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	70	21670	21670	5500
		Шыңғырлау аудандық білім беру бөлімінің "Балауса" бала				

3.	Тасмола ауылы	бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	40	28536	28536	5500
4.	Белогор ауылы	Шыңғырлау ауданы Белогор селосының "Қарлығаш" бала бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	25	26072	26072	5500
5.	Шыңғырлау ауылы	Б а т ы с Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Әкімдігінің "Бөбек" балабақшасы Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	80	32300	32300	5500
6.	Шыңғырлау ауылы	Б а т ы с Қазақстан облыстық білім басқармасының "Шыңғырлау аудандық Шұғыла" балалар бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	62	25721	25721	5500
7.	Шыңғырлау ауылы	Шыңғырлау аудандық білім беру бөлімінің Шыңғырлау аудандық "Қызғалдақ" балалар бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	58	30328	30328	5500

	8. Шыңғырлау ауылы	Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің "Балдырған" бала бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	" 25	40090	40090	5500
--	--------------------	--	------	-------	-------	------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК